

Р.А. Кемербай^{1*}, Н.Е. Тутинова²¹ Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан² Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті, Қазақстан
(E-mail: ra2030@mail.ru, nurtut29@gmail.com)

Әл-Фараби және ғылымдар тізбесі

Әл-Фарабидің туғанына 1150 жыл толуына орай жыл бойы ғалымның мұрасына арналған бірнеше кітаптар жарыққа шықты, ғылыми зерттеулер жасалды, конференциялар, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды. Фараби бабамыздың еңбектері қазақ тіліне аударылды. Фарабитанушылар әл-Фарабидің шығармалары мен ойларын көпшілікке түсіндіріп, баяндамалар жасады. Дегенмен, қазақ халқы өзінің ғұламасы туралы сөзді осы жылмен аяқтамайды деп сенейік. Себебі, әл-Фараби барша адамзаттың мақтанышы, үлгі тұтарлық тұлғасы. Мақала әл-Фарабидің ғылымдарды жіктеуге қатысты тұжырымдарын меңгеруге арналған. Кез келген ғылымды игеру үшін қандайда бір әдістер мен тәсілдер қолданатындығы анық. Бұндай әдістер зерттеліп отырған ғылым саласын түпкілікті және терең мәнін ашуға көмекші құрал. Философия тарихында ғылымдарды жіктеп, әр ғылымға анықтама берген алғашқылардың бірі әл-Фараби. Ислам фәлсафасында сциентизм бағытының негізін салушы ретінде әл-Фараби ғылымның адамзат өміріндегі шешуші рөл атқаратындығына назар аудартады. Бүгінгі мыңжылдықта да ғылымның рөлі артпаса, түспегендігі анық. Ғылымсыз қазіргі әлемді елестетудің өзі қиын. Керісінше аралас ғылым салалары қарқын алып, ғылымның күнделікті өмірдегі орны ұлғайып келеді. Мақалада әл-Фарабидің «Ғылымдардың тізбектелуі» трактатындағы ғылымның мақсаты мен адам өміріндегі рөлі туралы болмақ.

Кілт сөздер: әл-Фараби, фәлсафа, философия, сциентизм, қазақ елі, ізгілік, мәдениет, қала, рухани жаңғыру, поэтика.

Kіріспе

Қазақ жерінен түлеп ұшқан Әбу Насыр әл-Фараби бүкіл түркі дүниесіне ортақ тұлға. Ғұлама ойшыл. Осындай ақыл-ойдың иесі әл-Фарабидің қазақ жерінен шығуы бүгінгі ұрпақ үшін мақтаныш. Бүкіл әлем мойындаған ойшыл әл-Фараби көп жылдар бойы қазақ халқы үшін жабық тақырып болып, кейінгі жылдары ғана түпкілікті зерттеле бастады. Бұл қуантарлық жағдай. Осы жолда аянбай 50 жыл еңбек етіп Әбу Насыр әл-Фарабидің есімін қазақ халқына жақындатқан Ақжан әл-Машанидің еңбегі зор. Мамандығы инженер, геолог болса да әл-Фараби тұлғасына, артына қалған рухани мұрасына деген қызығушылығына таң қалмасқа шара жоқ.

Қазіргі күрделі алмағайып заманда қандай қоғамдық құрылымда болмасын құндылықтар жүйесінің алатын орны ерекше. Адамды өмірге, қоршаған ортаға ақыл-парасатымен, білімімен бейімдейтін ұлттық қасиеттер мен құндылықтар өзгеріске түсуде. Бірақ, ғылымға деген көзқарас артпаса, төмендемегені анық. Керісінше, адамзатпен бетпе-бет келген экономикалық-әлеуметтік дағдарысқа төтеп беруі қиын болуда. Мүлдем ойламаған, ғылыми тұрғыдан болжап білмеген жағдайға тап болдық. Адамзат пандемия кезінде дәрменсіздігін көрсетті. Осындай қилы заманда бүкіл адамзатты тығырықтан алып шығатын жолды — тек ғылымнан көреміз.

Әдіснамасы

Ғылыми зерттеу мақаламыздың әдісі ең алдымен әл-Фараби фәлсафасындағы «Ғылымдардың жіктелуі» трактатына герменевтикалық интерпретация жасау. Сциентизм философиясына басымдық беру. Ойша талдау жасау таным деңгейін арттырып дұрыс шешім қабылдауға мүмкіндік береді. «Ғылымдардың жіктелуі» атты трактатын оқып меңгеру нәтижесінде ғылымды игеру кезінде кететін қателіктердің алдын алу, әр ғылымның мақсатын мен мәнін түсінуге көмекші құрал ретінде қолдануға болады. Әл-Фарабидің осы еңбегін герменевтикалық талдау барысында бүгінгі ғылымның жай-күйін және болашағына қайтадан бір қарауға мүмкіндік береді.

Он ғасырдан астам уақыт өтсе де әл-Фараби көтерген мәселелер, ғылымның алдындағы міндеттер әлі де күн тәртібіндегі өзекті мәселенің бірі. Жалпы ғылым дегеніміз не? Ғылыммен

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: ra2030@mail.ru

айналысудың қандай артықшылықтары бар? Бүгінгі ғылымның әлеуеті, болашағы қандай деген мәселе ең өзекті. Әл-Фарабидің «Ғылымдардың тізбесі» атты трактатын оқып, талдай отырып білім, ғылымның салтанат құрған кезінде мемлекетке, халыққа не ұсына аламыз деген сұрақтарға ізденіс жасалады.

Негізгі бөлім

Түркі дүниесіне ортақ ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің туғанына 1150 жыл. Шамамен X ғасыр өтсе де Фараби бабамыздың аты да, артында қалған мұрасы да бүгінгі ұрпаққа жетіп отырғаны қуанышты жаңалық. Шығыстанушы, профессор Әбсаттар Дербісәлі бір сұхбатында Фараб қаласынан отыздан астам Фараби шыққандығын айтқан болатын. Дегенмен де, «Түркиядағы Фарабилер» атты мақаласына Әбу Ибраһим Исқақбин Ибраһим әл-Фараби (т.ж.б. — 961), Әбу Насыр Исмаил бин Хаммад әл-Жауһари әл-Фараби (т.ж.б. — 1002), Мұхаммед бин Мұхаммед бин әл-Хұсейн Маджаддин әл-Усрушани, Мұхаммед бин Хұсейн әл-Фараби (т.ж.б. — 1234), Абдуллаһ бин Мұхаммед бин Йусуф Насыр әл-Фараби әл-Азди, Абд әл-Латиф ибн Ахмад әл-Фараби, Әбу-л Фадл Таһир бин Мұхаммед әл-Фараби Заһир, Аға Хасан әл-Фараби, Бұрһанад-дин Ахмед бин Әбу Хафсбин Йусуф әл-Фараби (т.ж.б. — 1174), Әбу-л Қасым Махмуд бин Ахмед әл-Фараби [әл-Фариabi] (1130–1210), Қауамад-Дин әл-Итқани (Иқани) әл-Фараби ат-Түркістани (1286–1356), Әмір Исмаил әл-Хусайни әл-Фараби [1] болғандығын атап өтеді. Аты аталған ойшылдардың артында қалған еңбектерін, жазған жазуларын зерттеу, табу күн тәртібіндегі мәселе деп ойлаймыз.

VIII ғасырларда Фараби бабамыздың кіндік қаны тамған Түркістан, Отырар өңірі қыпшақ-түркі тайпаларының өркендеген орталығына айналып білім, ғылым, исламның, мәдениет, сауда саттықтың, қалалық мәдениетінің өсіп-өркендеуіне жол ашты. IX-X ғасырларда өмір сүрген тарихшы, жиһанкез Ибн Хауал жазбаларында Отырар қаласы діни-тарихи және сауда орталығы болғандығы жазылған. Осыдан Отырардағы кітапхана атақты ойшыл, ғұламалардың кенесіп, сұхбат құратын ғылыми ордасына айналғандығын көреміз.

«Оңтүстік Қазақстанда, Отырар–Фараб аумағын қоса алғанда, IX–X ғасырларда қала өмірі екпінді дамыған, үлкен құрылыстар жүргізілген, ірі сәулет ансамбльдері құрылып, қолөнер жанданған. Осы аумақтағы қалалардың сауда-саттық байланыстарының арасында Соғды, Мысыр, Индия және Қиыр Шығыстан көптеген көпестер мен саяхатшылар жиналатын болған. Мұнда әлеуметтік және мәдени қарама-қарсылық айқын және қанық болған. Әлбетте, IX-X ғасыр Араб халифатында орын алған әртүрлі элементтердің интеграция процесі және мұсылмандық идеологияның ішіндегі ағымдардың күресі Оңтүстік Қазақстан қалаларының рухани өмірінде көрініс таппауы мүмкін емес еді» деген тұжырым жасайды [2; 10].

Дегенмен, біз білетін Әбу-Насыр әл-Фараби білімге құштар, еңбекқор болғандығы анық. Білім, ғылым іздеп сол кездегі өркениеттің орталығына айналған Бағдат, Бұхара, Дамаск, Каир, Харран сияқты елді мекендерге сапарға шығады. Араб, парсы, грек, латын, санскрит тілдерін еркін меңгереді. Әбу-Насыр Фараби бабамыз өз заманының өте беделді тұлғасы, ойшыл, композитор, би, шешен, шайыр, қари болған. Яғни, ел ішінде абыройы асқақ, жоғары құрметке лайық тұлға болғандығын көреміз.

Фарабидің артында қалған мол мұрасын, еңбектерін зерттеуші өзбек ғалымы, философ Музаффар Хайруллаев әл-Фараби мұрасын зерттеп 160 астам трактат жазғандығын көрсетеді. Олар: «Әріп кітабы», «Талдау кітабы», «Субстанция туралы сөз», «Зандар жайлы кітап», «Логиканың қысқартылған үлкен кітабы», «Философияны меңгеруге дайындық», «Музыка туралы үлкен кітап», «Физика негіздері», «Птоломейдің «Әлмагесіне» түсіндірмелер», «Ғылымдардың жіктелуі жайлы сөз», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы», «Азаматтық саясат», «Бақытқа жету туралы». Сонымен қатар, грек ойшылы Аристотельдің «Метафизика», «Никомах этикасы», «Риторика», «Поэтика», Александр Афродизискийдің «Жан туралы» еңбегіне, Евклид «Бастауларының» еңбектеріне түсініктеме жазған еңбектерінде айтар едік.

Жоғарыда аталған еңбектердің қолжазбалары мен үзінділері біздің елде емес, Каир, Шам, Дамаск, Бейрут, Ыстамбұл, Лейден, Париж, Мадрид, Мюнхен, Парма, Лондон, Тегеран, Нью-Йорк қалаларындағы кітапхана қорларынан табылып, латынша, иврит тілдерінде бірнеше рет аударылып, жарыққа шыққан. Осы трактаттарды ғылыми тұрғыдан зерттеп әл-Фараби бабамызды Қазақ еліне жақындатуға көп еңбек сіңірген Ислам өркениетінің білімді аудармашысы Доминикус Гандиссалинус, Людвиг Бор, Жерар де Кремен, Гонзалес Паленсиа, Ибн Дауд (Авендаут), Гилемус Камерариус, Арльдік Калонимус, Шемтоб бен Йозеф ибн Фалакерасті атап өтер едік. Бұл

қолжазбалардың құндылығы өте жоғары. Қазіргі көптеген фарабитанушылар осы ғалымдардың жазып қалдырған еңбектеріне сүйеніп, түсініктеме береді.

Бұның себебі әл-Фараби бабамыздың толысып, хакімдік деңгейге көтерілген шағы Каир, Дамаск, Бағдат, Шам елді мекендерінде өткенімен байланыстырамыз. VIII-XII ғасырлар араб-мұсылман, түркі елдері үшін алтын ғасыр болғандығын тарихшылар дәлелдеді. Әл-Фараби дүниетанымында ислам мен фәлсафа өзара үйлесімде берілген. Фараби бабамыз өзінің еңбектерін Алланың атымен бастайтындығын көрдік. Бұдан шығатын қорытынды, ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби жаратушы барын мойындап, жаратушы жаратқан дүниелерді зерттеу қажеттігіне назар аудартады. Ол ғылымды «метафизика» деп атаған. Ақылдың құдіретіне (рационалист) сенген, танымның (гностик) шексіздігіне шек келтірмеген. Фараби еңбектерінің өзгешелігі, ол адам мәселесін бірінші орынға қойғандығы. Адамның бір өзі бақытты өмір сүре алмайды. Сол үшін бірлесіп, өзара ынтымақтастықта өмір сүру үшін қоғам, мемлекет, қаланың қажеттілігін айтқан. Фәлсафа тарихында «бақыт» ұғымына фәлсафалық талдау жасап, адамзаттың бақытты болуы үшін өзінің тұжырымдарын жасаған.

«Әл-Фараби бақытқа адам адамгершілік істер мен әсем әрекеттерді жағдайға байланысты немесе зорлықпен, болмаса біреудің ықпалымен емес, еркін таңдау негізінде және ерікті түрде жасағанда ғана жете алады» — деп санады [3; 28].

Қандайда бір істі бастамас бұрын сол таңдаған дүниеңе өз еркіңмен кіріспесең ешқандай нәтиже бермейтіндігі анық. Яғни, шығармашылық ізденіспен жасалмаған іс кемел болып шықпайды. Тоталитарлық жүйеде еркін ой мен таңдау болмаған жүйенің арты қайда апарғанын тарих көрсетті. Демек, қандайда болмасын ой, идея, гипотеза — эмоциямен, ерік, жігермен, ақылмен толықтырылмаса, ол ешқандайда пайда бермейтіндігі ғылымда дәлелденген.

Бақытқа жету үшін адам ең әуелі ғылымды меңгеру керектігіне тоқталып, ғылымды жеңіл қабылдап, санаға сіңдіру мақсатында «әдіс» қажеттігін дәлелдеген. Сол мақсатта әл-Фараби өз заманындағы ғылым салаларын жетік меңгеріп, ғылымдардың классификациясын жасаған. Бұл ғылымдағы айтулы революция десе де болады. Ғылымның әр саласында өзінің қолтаңбасын қалдырып, бірнеше фәлсафалық еңбектерін жазған. Ғылым тарихында жинақталған білімді сұрыптап, ретке келтіріп бір жүйеге келтіру дәстүрі ежелден қалыптасқан. Бұндай үрдіс бір жағынан ғылымды кемелдендіруге ықпал етсе, екінші жағынан жинақталған білімді түсіндіруге әрі, пайдалануға жеңілдеткен әдіс ретінде қолданған. Әр ғылым саласын меңгеру үшін оның әдіс, тәсілдерін қосымша ретінде жазып, сол ғылымның практикалық қырларына аса мән берген.

Елімізге белгілі шығыстанушы, ғалым Әбсаттар Дербісалы «Ғылымды жіктеумен ертеректе көне грек ойшылы Аристотель айналысты. Ал, ислам дүниесінде әл-Фарабиге дейін әл-Кинди, орта азиялық Мұхаммед (IX ғ.), кейінірек әбу Әли Ибн Сина (980–1037) бұл мәселеге мойын бұрды. Ал, Еуропа жұртында Сен-Симон, Ф.Бэкон (1561–1626), Г.В. Гегель (1770-), Ф. Энгельс (1820–1895) және т.б. шұғылданды», - дейді [4].

Әл-Фарабидің «Ғылымдардың тізбесі» трактаты Орта ғасыр Батыс Еуропа және Орта ғасыр Араб-мұсылман елдерінің ғалымдарын қызықтырған еңбектердің бірі. Бұл шығарманың негізгі мақсаты — білім теориясын жүйелеу. Яғни, Аристотельден басталған ғылымдарды жіктеу жүйесін меңгеріп, өзіндік исламдық ғылымдардың тізбесін әзірлейді. Енді сол тізбеге назар аударайық:

1. Тіл ғылымдары: бұл бөлімде грамматика, синтаксис көрсетілген.
2. Логика ғылымы: бұл бөлімде Оргононның сегіз бөлімі орналасқан.
3. Математика ғылымдары: әл-Фараби оларды «Оқыту бөлімі» деп атаған. Бұл бөлімде Арифметика, Геометрия, Оптика, Астрономия, Музыка, Механика ғылымдарын белгілейді.
4. Физика және Метафизика ғылымдары: бұл бөлімде табиғат және табиғаттан тыс білімдерді қамтитын ғылымдар орналасқан.
5. Мәдени ғылымдар: бұл бөлімде Ағлақ, Саясат, Каноникалық заң, Қалам ғылымдары көрсетілген.

Ғылымдар тізбесінің нақты мақсатын әрбір ғылымнан қандай да бір баһра аша білу деп көрсеткен әл-Фараби былай дейді: «Осылайша адамдар ғылым арқылы белгілі бір затқа қол жеткізгісі келсе, соқыр тәуекелге салынып, алданбай, керісінше көзі жете отырып, біле отырып қол жеткізуге тырысады. Бұл кітап арқылы ғылымдарды өзара салыстыра отырып, қайсысының жоғары деңгейлі, қайсысының айтарлықтай пайдалы, қайсысының неғұрлым ашық, қайсысының неғұрлым берік, қайсысының неғұрлым мықтылығын, енді бірінің неғұрлым таяздығын немесе неғұрлым әлсіздігін түсіне аламыз» — дейді.

Ал, «Мәдени ғылымдар дегеніміз, еркімен жасалған қандайда бір іс-әрекеттердің, олардың пайда болуына себеп болған адамгершіл, өнегелі пейілі мен мінезін, әсіресе бұлардың мақсаты мен олардың бір адамның бойында қандай формада болуын, сонымен қатар кезектесу үдерістерінің қажеттілігін зерттейтін ғылым» деп анықтама береді [5; 78].

Егер адам бұл ғылымдардың бірін үйреніп, зерттегісі келсе, ол осы кітаптағының бәрін пайдалана алады, осы арқылы ол неден бастап, нені зерттеу керек екенін, зерттеуіне ненің пайдалы, ненің жеткілікті екенін және өзінің оған қай дәрежеде қол жететінін біле алады, осылайша, оның білімге баратын қадамы надандық пен қараңғылыққа емес, білім мен парасаттылыққа негізделетін болады. Бұл кітап арқылы адам ғылымдарды бір-бірімен салыстырып, қайсысы лайықтырақ, пайдалырақ, қайсысы неғұрлым жетілген, аса мығым және күшті екенін, ал қайсысының дәрменсіз, маңызы аз, тым осалдау екенін біле алады. Сондай-ақ (бұл кітапты) осы ғылымдардың бірін білемін деп мақтанатын, ал шындығында мұндай емес, яғни, ештеңе білмейтін адамдарды әшкерелеу үшін де пайдаланады: егер осы адамнан түгелдей осы ғылым туралы, оның бөлімдері туралы және әр бөлімнің құрамы туралы ақпарат сұраса, ол адам бұл туралы білместік танытады, осылайша оның айтқандарының жалғандығы ашылып, өтірігі әшкереленеді. Сондай-ақ (осы кітаптың арқасында) бұл ғылымдардың қайсысына кімнің жақсы хабардар екені: мұны тұтас біле ме немесе кейбір бөлімдерін біле ме және қандай дәрежеде жақсы білетіні мәлім болады. Бұл кітапты әрбір ғылым саласынан мол білім алуға тырысатын білімді және зерек адамдар да, сондай-ақ өзін ғалым екен деп ойлайтын, ғалымдарға ұқсап бағуды жақсы көретін адамдар да пайдалана алады», - деп жазады.

«Ғылымдардың жіктелуі туралы сөз» — атты трактатында көріп отырғандай тіл білімін ең бірінші орынға қойған. Өзіне сөз берейік «Тіл туралы ғылым тұтас алғанда екі бөлімнен тұрады: Біріншісі: қандай да бір халықтың тіліндегі сөздерді есте сақтау және олардың әрқайсысының нені білдіретінін мағынасын білу. Екіншісі: осы сөздердің заңдылықтарын білу. Ал заңдар қай өнерде болсын: әмбебап, яғни жан-жақты қамтитын пікірлер болып табылады. Әрбір заң сол өнерге қатысты көптеген нәрселерді түгелдей сол өнердің негіздері болып табылатын нәрселердің көпшілігін қамти отырып қарастырады. Бұл заңдар, сол өнерге қатыссыз нәрселер еніп кетпеуі үшін, оған, яғни сол өнерге де жататынын белгілеу немесе қателіктерге соқтыруы ықтимал нәрселерді тексеру үшін, немесе сол өнер қамтитын нәрселерді зерттеп, оларды есте сақтауды жеңілдету үшін дайындалған.

Поэтика деген ұғымға да ерекше тоқталып, оны үш бөлімге бөліп талдаған: бірінші, жай болсын, күрделі болсын олардың өлеңдерінде қолданылатын өлең өлшемдерінің тізбегі; сонан соң, арабтарда сабаб және уатад, ал гректерде буын және стопа деп аталатын түрлер мен өлең өлшемдерінен туатын, әліппе әріптерінің өлеңде орналасу тәртібі деп аталады; сонан кейін өлеңдердің және жартылай өлеңдердің өлшемдерін зерттеу: олардың қанша дыбыстан және қанша буыннан тұратынын; әрбір өлшемде әрбір бәйіттің саны қанша екенін анықтау. Сонан соң толық өлшемдердің толық емес өлшемдерден айырмасын және қандай өлшемдер құлаққа жақсы, көркем және жағымды болатынын ажырату.

Екінші бөлім: әрбір өлшемде өлең соңындағы ұйқасты қарастырады, бұлардың қайсысында бір ғана форма, ал қайсысында бірнеше форма бар; бұлардың қайсысы толық, ал қайсысы толымсыз; қандай өлең соңында ұйқас өлеңнің бастан аяғына дейін сақталатын бір ғана дыбыстан тұрады; ал дастанда қолданылатын сөз соңында ұйқастардың қайсысы бір дыбыстан көп болды; және өлең соңында дыбыс саны ең көп болғанда, қанша болу керек. Осыдан кейін көп дыбысты ұйқастар зерттеледі; бұл дыбыстардың бірін айтылу уақыты жағынан тепе-тең түсетін дыбыстармен ауыстыруға болатыны не болмайтыны түсіндіріледі және егер ауыстыруға болатын болса бұлардың қайсысын осындай дыбыстармен ауыстыруға болатыны қарастырылады.

Үшінші бөлім — өлеңдерде қолдануға болғанмен, қара сөзде қолдануға келмейтін сөздерді зерттейді. Тіл туралы ғылымның әрбір бөлімінің мазмұны, міне, осылар [6; 17].

Соңғы мәдени ғылымдардың мақсаты — адамдардың бақытты қол жеткізетін практикалық жағына мән береді.

Әбу Насыр әл-Фараби ғылымдар классификациясын жасағанда «тіл білімін» ең бірінші орынға қоюының астарында үлкен мән бар. Қолда бар мәліметтерге сүйенсек Фараби бұдан басқа «Сөз бен әріп туралы», «Жазу өнері туралы», «Өлеңнің ұйқасы мен өлшемі туралы», «Өлеңнің ырғағы туралы» еңбектер жазғанын атап өтер едім. Тіл туралы ғылымды әл-Фараби екі бөлімге: лексикология және грамматика деп бөледі. Лексикология — халықтың тіліндегі сөздерді еске сақтау және әр сөздің мағынасын ашумен шұғылданды тиіс. Ал, грамматика — тілдегі сөздерді меңгеретін, бағындырып ұйыстыратын бөлім ретінде қарастырған.

Көріп отырғандай, әл-Фараби ғылымдарды жіктеп, ең бірінші орынға тіл білімін қойғандығын, әдебиет теориясын жасап, қалай мәдениетті сөйлеудің ережесін көрсеткен. Өзі өлең шығарып, оны өзі оқыған белгілі шайыр болғандығы анық. Себебі құранның өзі — поэтика.

«Осы аталмыш трактатта-сыныптама да әл-Фараби заманындағы барлық ғылым салаларына сипаттама берілген. Оның бәрі автор көзқарастарына сай сол ретте бір шама тиісті және жалпы қорытынды жасау лайықты деп білеміз.

Ең алдымен әл-Фараби тіл ғылымының маңызына өте үлкен мән берді және осы ғылымның сыныптамасын бастайды. Бұл тілді формалы түрде тану емес оның нақты жоғары бағалануы, өйткені барлық ғылымдар тілмес сабақтас. Келесі, тілден кейінгі логика — тілмен тұжырымдалады (сөз-тіл). Логикалық ой құрылымын тілдің грамматикалық құрылысымен салыстырылады [7; 201].

Фараби бабамыздың тіл білімі мен поэтика ғылымын зерттеп, жіліктеп бергендігі біз үшін өте маңызды. Кәсіби әдебиеттанушылар әл-Фараби бабамыздың не себептен тіл біліміне көп мән бергендігін зерттеп, әлі де ғылыми мақалалар жазатындығына сенеміз. Бір айта кететін мәселе, әл-Фараби өмір сүрген уақыт ислам діні, музыка өнері, араб әдебиетінің кең құлаш жайып өсіп-өркендеген шағымен дәлме-дәл келуі. Сөз өнерін — ғылымдардың ғылымы санап, бірінші қоюының себебі мүмкін осы болар.

Әбу Насыр әл-Фарабидің «ғылымдардың классификациясы, олардың қосымша тараулары мен дәрежелері туралы» атты кітабы алты жүз қыркыншы жылдың игілікті рамазан айының соңғы күндерінде аяқталды. Кітап «Ғылымдардың классификациясы» деп аталады» деп аяқталған [8; 208].

Бұл біздің жыл санауымыздың 1242–1243 жылдары қолжазбаның көшірілген жылын көрсетеді.

Талқылау

Ғұлама әл-Фараби өз заманының алдыңғы қатарлы ойшылы ретінде адамзаттың алдына үлкен мақсаттарды қойғаны анық. Тек қана ғылым ғана адамның өмірін жеңілдетіп, бақытты қылатын тетік екендігін атап өткендігін байқаймыз. Білім, ғылымды құндылық санап, басқаларға үлгі көрсетті. Ғылыми жұмыстармен айналысып үнемі ізденісте болғандығын аңғаруға болады. Әлемнің өркениет, білім, ғылым ошақтарына барып біліміне білім қосып, дүниетанымын кеңейтті.

1150 жылдан астам уақыт өтсе де әл-Фараби көтерген мәселелер әлі күнге дейін өзекті, күн тәртібіндегі сұрақтар. Ғылым, білімнің рөлі абсолюттендірілген уақытта (сцентизм) Абу Насыр әл-Фарабидің идеялары мен ойларының маңыздылығы арта түспек. Ғылым салаларының өзара интеграциялануы жаңа парадигмаларды тудырып, жаңаша ойлауға мүмкіндік беруде.

Мақаламыздың мақсаты да әл-Фарабидің қалыптастырып кеткен ғылымдардың жіктелуі мен адамзаттың өміріндегі ғылымның алатын рөлін тағы бір еске салып, рухани-экономикалық дағдарыстан шығаратын бірден-бір құрал екендігіне назар салдыру. Білім алып, ғылыммен шұғылдану Қазақ мемлекетін тығырықтан шығаратын құралдардың бірі екендігі анық. Оны Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевта бірнеше рет айтқан болатын. Олай болса, студент, магистрант, докторанттарды ғылымның биігіне көтеріліп, еліміздің ең мықты мемлекет болуына қызмет жасауға шақырамыз. Тек ғылым, білім ғана адамды күшті, еркін, ал мемлекетімізді бай-қуатты қыла түсетіндігі анық.

Қорытынды

Әбу Насыр әл-Фараби — бір ұлттың шеңберінен шығып, бүкіл адамзат биігіне көтерілген қайталанбас тарихи тұлға! Оның рухани әлемін тану — адамзаттың мың жыл бұрынғы парасат-пайымын тану ғана емес. Бұл дегеніміз — бүгінгі болмысымыздың қай деңгейде екеніне көз жеткізу, сол туралы ой толғау, осыған орай жаңа заманның сын-қатерлеріне лайықты жауап іздеу.

Әл-Фараби ілімі бізді әлемдік өркениет жолындағы «Бақытты адам — қайырымды қоғам — қуатты мемлекет» жүйесін құруға жетелейді.

Біздің алдымызда тұрған зор міндет — ғұламаның әлем мойындаған өмірлік қағидаларын қазіргі заманға сай қолданып, ақыл-ой биігіне көтерілу, елімізді дамыған озық елдердің қатарына қосу. Сондықтан әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойы рухани өміріміздің қарқынды дамуына зор серпіліс беретін, сондай-ақ жалпыұлттық жаңғыруға жол ашатын игі бастама болатынына сенімдіміз! [9].

Фараби бабамыз өмір сүрген заманда ешқандай шекара болмаған. Ілім, білім іздеген оқымыстылар бүгін бір жерде, ертең басқа жерде. Жібек жолындағы керуендермен ілесіп жүре берген. Фараби бабамыздың сол заманда өркениеттің орталығына айналған Бағдат, Бұқара, Дамаск,

Каир, Харран жеріне баруының себебі де осында. Бұл аталған орталық ғұламалар жиналып, сұхбат құратын киелі мекенге айналған. Өздерінің теорияларын жасаған. Еркін ойға ерік берген. Қайнап жатқан жерде Фараби бабамыз білімін толықтырып, грек, араб, мысыр, шығыс ойшылдарымен танысып жүздескені, білім алмасқаны шындыққа келеді. Сол себептен Фараби жазған еңбектер өзіміздің жерде емес, Шығыс, Еуропа жерлерінде кең тарап, сол елдерде сақталып қалған.

Фарабидің еңбектерінің түпкі мақсаты адам, адамның білім, ғылым игеріп, тәрбиелі, толыққанды азамат болып қалыптастыру. Әр адамға құрметпен қарап, өмірді құндылық ретінде қарауды үйретеді. Білім алу, ғылымды игеру, ізгілікті насихаттау, қаланың ізгі тұрғыны болуды дәріптеу әл-Фараби дүниетанымындағы негізгі құндылықтар. Әл-Фарабидің ғұламалығы Батыс пен Шығыс дүниетанымын өзінен өткізіп, өзіндік ғылым жолын салған ойшыл деп айтуға толық негіз бар.

Қазақ жерінде туып бүкіл адамзатқа ортақ мұра қалдырған ғұлама әл-Фарабимен мақтанып, ғылымды сүйді үйренейік.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Дербісәлі Ә. Түркиядағы Фарабилер [Электронды ресурс] / Ә. Дербісәлі // Егемен Қазақстан. — 2020. Қол жеткізу режимі: <https://egemen.kz/article/249372-turkiyadaghy-farabiler>.
- 2 Алтаев Ж. Әл-Фараби және заманауи Қазақстан философиясы / Ж. Алтаев. — Алматы: Қазақ университеті, 2012. — 234 б.
- 3 Курманғалиева Г. Человек и бог: теологическая мысль исламского средневековья в поисках истины / Г. Курманғалиева // Философия Аль-Фараби и исламская духовность. — Алматы: Кітап, 2005. — С. 2.
- 4 Дербісәлі Ә. Ұлыға тағзым (Әбу Насыр әл-Фарабидің ғылымды жүйелеуі) / Ә. Дербісәлі // Егемен Қазақстан. — 2018. — № 77. — 19 б.
- 5 Бекірі Қ. Әл-Фараби өркениет философы / Қ. Бекірі. — Алматы: Қазақ университеті, 2016. — 230 б.
- 6 Әл-Фараби. Ғылымдардың жіктелуі туралы сөз / Әл-Фараби. — Бейрут–Любнан: Дар-уа-мактабат-уль-хияль, 1996. — Б. 15–94.
- 7 Әл-Машани А. Әл-Фараби және бүгінгі ғылым / А. Әл-Машани. — Алматы: Алаш, 2004. — 216 б.
- 8 Есенов Е. Әл-Фараби философиялық трактаттары / Е. Есенов. — Алматы, 1973. — 447 б.
- 9 Көшербаев К. Әл-Фараби әлемі және қазіргі Қазақстан [Электронды ресурс] / К. Көшербаев // Егемен Қазақстан. — 2020. Қол жеткізу режимі: <https://egemen.kz/article/252725-al-farabi-alemi-dgane-qazirgi-qazaqstan>.

Р.А. Кемербай, Н.Е. Тутинова

Аль-Фараби и наука

К 1150-летию со дня рождения Абу Насыра аль-Фараби в стране было проведено множество научных конференций, круглых столов, опубликовано книг и научных исследований. Аль-Фараби, родившийся на казахской земле и ставший мировым ученым, оставил безграничное наследие. Однако необходимы дальнейшие исследования. В статье мы представили выводы ученого и мыслителя аль-Фараби. Изложили нашу позицию относительно роли науки в нашей сегодняшней жизни. Мы знаем, что в каждой науке есть свои методы исследования. В свою очередь, это позволяет определить место науки в классификации наук и добиться определенных результатов. Наследие Аль-Фараби ценно тем, что он составил список наук и определил цели и задачи этих наук. В эпоху, когда роль науки абсолютна, работы и выводы аль-Фараби о науке все еще актуальны. Произведения нашего предка Фараби были переведены на казахский язык. Ученые разьясняли работы и идеи аль-Фараби и подготовили доклады. Уверены, что казахстанцы из года в год будут продолжать свои исследования в этом направлении. Потому что аль-Фараби — гордость всего человечества, знаковая фигура. Статья посвящена изучению взглядов аль-Фараби о классификации наук. Очевидно, что люди используют какие-то методы и приемы для овладения любой наукой. Такие методы являются инструментом раскрытия окончательной и глубокой сущности изучаемой области науки. Аль-Фараби был одним из первых в истории философии, кто классифицировал науки и дал определение каждой науке. Как основатель направления сциентизма в исламской философии, аль-Фараби указывает, что наука играет ключевую роль в жизни человека. Понятно, что в нынешнем тысячелетии роль науки не уменьшилась. Современный мир сложно представить без науки. Напротив, смешанные науки набирают обороты, и роль науки в повседневной жизни возрастает. В статье речь пойдет о назначении науки и ее роли в жизни человека на примере трактата аль-Фараби «Последовательность наук».

Ключевые слова: аль-Фараби, философия, сциентизм, казахский народ, добро, культура, город, духовное возрождение, поэтика.

R.A. Kemberbay, N.E. Tutinova

Al-Farabi and science

On the occasion of the 1150th anniversary of the birth of Al-Farabi, many scientific conferences, round tables, and scientific research was held and books dedicated to the legacy of Abu Nasir Al-Farabi were published in the country. Farabi scientists studied the works of Farabi thoroughly and explained Al-Farabi's ideas to the public. Nevertheless, further research is needed. The article is devoted to the study of Al-Farabi's views on the classification of sciences. To master any science, some methods and techniques are necessary. Such methods are a tool for revealing the final and deep essence of the studied field of science. Al-Farabi was one of the first in the history of philosophy who classified the sciences and defined each science. As the founder of the direction of scientism in Islamic philosophy, Al-Farabi pointed out that science plays a key role in human life. The role of science has not decreased in the current millennium. It is difficult to imagine the modern world without science. On the contrary, mixed sciences are gaining momentum, and the role of science in everyday life is increasing. The article focuses on the purpose of science and its role in human life in Al-Farabi's treatise "The Sequence of Sciences".

Keywords: Al-Farabi, philosophy, scientism, Kazakh people, good, culture, city, spiritual revival, poetics.

References

- 1 Derbisali, A. (2020). Turkiiadagy Farabiler [Farabi scientists in Turkey]. *Egemen Kazakhstan — Sovereign Kazakhstan*. Retrieved from <https://egemen.kz/article/249372-turkiiadagy-farabiler> [in Kazakh].
- 2 Altaev, Zh. (2012). Al-Farabi zhane zamañui Qazaqstan filosofiiasy [Al-Farabi and modern philosophy]. Almaty: Qazaq universiteti [in Kazakh].
- 3 Kurmangalieva, G. (2005). Chelovek i bog: teologicheskaya mysl islamskogo srednevekovia v poiskakh istiny [Man and God: Islamic medieval theological thought in search of truth]. *Filosofiia Al-Farabi i islamskaia dukhovnost — Philosophy of Al-Farabi and Islamic Spirituality*. — Almaty: Kitap [in Russian].
- 4 Derbisali, A. (2018). Uluga tagzym (Abu Nasyr al-Farabidin gylimdy zhuielui) [Bow to the Great (Abu Nasir Al-Farabi's systematization of science)]. *Egemen Qazaqstan — Sovereign Kazakhstan*, 77, 19 [in Kazakh].
- 5 Bekir, K. (2016). Al-Farabi orkeniet filosofy [Al-Farabi is a philosopher of civilization]. Almaty: Qazaq universiteti [in Kazakh].
- 6 Al-Farabi (1996). Gylimdardyn zhiktelui turaly soz [A word about the classification of sciences]. Beyrut — Lubnan: Dar-ua-maktabatul-hilal [in Kazakh].
- 7 Al-Mashani, A. (2004). Al-Farabi zhane bugingy gylim [Al-Farabi and science of today]. Almaty: Alash [in Kazakh].
- 8 Yesenov, Ye. (1973). Al-Farabi filosofiialyq traktattar [Al-Farabi's philosophical treatises]. Almaty [in Kazakh].
- 9 Kosherbaev, K. (2020). Al-Farabi alemi zhane qazirgi Qazaqstan [The world of Al-Farabi and modern Kazakhstan]. *Egemen Kazakhstan — Sovereign Kazakhstan*. Retrieved from <https://egemen.kz/article/252725-al-farabi-alemi-dgane-qazirgi-qazaqstan> [in Kazakh].